

**Жылыой ауданы әкімдігінің 2020 жылғы 14 қыркүйектегі № 253 "Жылыой ауданының елді мекендерінде салық салу объектісінің орналасуын ескеретін аймаққа бөлу коэффициенттерін (К айм) бекіту туралы" қаулысының күші жойылды деп тану туралы**

Атырау облысы Жылыой ауданы әкімдігінің 2022 жылғы 15 шілдедегі № 180 қаулысы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2022 жылғы 21 шілдеде № 28863 болып тіркелді

Қазақстан Республикасының "Құқықтық актілер" туралы Заңының 27 бабына сәйкес, Жылыой ауданы әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Жылыой ауданы әкімдігінің 2020 жылғы 14 қыркүйектегі № 253 "Жылыой ауданының елді мекендерінде салық салу объектісінің орналасуын ескеретін аймаққа бөлу коэффициенттерін (К айм) бекіту туралы" қаулысының (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 4730 болып тіркелген) күші жойылды деп танылсын.

2. Осы қаулының орындалуын бақылау аудан әкімінің жетекшілік ететін орынбасарына жүктелсін.

3. Осы қаулы оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Жылыой ауданының әкімі*

*Ж. Каражанов*